

**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**  
**№3 Өндірістік жиналыс хаттамасы**

**Наурыз**

**Қатысқандар:44**

**Қатыспағандар:1**

**Күн тәртібіндегі мәселелер.**

**1.Медқызметкердің жарты жылдықта жасалған жұмыстарының қорытындысы.**

2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру)

3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

**Баяндамашы:** Медбике жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың қорытындысымен таныстырды.

Есеп беру барысында жарты жыл ішінде балалардың денсаулығы тұрақты бақылауда болғаны атап өтілді. Күнделікті таңертеңгі фильтр жүргізіліп, балалардың жалпы жағдайы тексеріліп отырған. Жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында ата-аналарға жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қажетті кеңестер берілген.

Балалардың антропометриялық көрсеткіштері (бойы мен салмағы) уақытылы өлшеніп, жас ерекшеліктеріне сәйкес талдау жасалған. Нәтижесінде балалардың басым бөлігінде бой өсуі мен салмақ қосу көрсеткіштері оң динамика көрсеткені айтылды.

Сонымен қатар, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша тәрбиешілерге тұрақты түрде нұсқаулықтар беріліп отырған. ЖРВИ, тұмау және ішек ауруларының алдын алу бағытында профилактикалық шаралар жүргізілген.

Балабақшада күн тәртібі толық сақталып, балалармен жүйелі түрде шынықтыру және сауықтыру шаралары ұйымдастырылған. Әр екі ай сайын спорттық сайыстар өткізіліп, балалардың қатысу белсенділігі артқаны атап өтілді.

Ас мәзірі құнарлы тағамдармен толықтырылып, балаларға жеміс-жидектер (алма, банан), сүт өнімдері (йогурт) тұрақты түрде беріліп отырған.

**2.Шаруашылық меңгерушісі мен меңгеруші орынбасары ас блогына жүргізілген шұғыл тексеріс нәтижелерімен таныстырды.**

Тексеру барысында санитарлық талаптардың сақталуында бірқатар кемшіліктер анықталған:

Бідыс-аяқтарды сақтау ережелерінің толық сақталмауы;

Тағам қалдықтарын уақытылы шығару тәртібінің бұзылуы;

Тазалық журналдарының толық әрі талапқа сай толтырылмауы;

Аталған кемшіліктер балалардың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін

екендігі ескертіліп, оларды жою бойынша нақты тапсырмалар берілді. Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау қажеттігі баса айтылды.

**3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу**

**Баяндамашы:** Әдіскер Саттықова Айшат Ақылбековна балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – мекеменің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Осы бағытта тәрбиешілерге, көмекші персоналға және басқа да қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізілді.

Нұсқаулық барысында:

Өрт қауіпсіздігі ережелері;

Алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері;

Жазатайым жағдайлардың алдын алу шаралары;кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, серуен кезінде, оқу іс-әрекеттері барысында және демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту қажеттігі ескертілді.

Жалпы, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, тиісті қорытындылар жасалып, нақты тапсырмалар берілді. Қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру және бақылау жұмыстарын күшейту қажеттілігі атап өтілді.

**Шешімі:**

1.Барлық қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар қайта жүргізіліп, тіркеу журналдарына қол қойғызу қамтамасыз етілсін.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ойын алаңдары мен жабдықтары техникалық тексерістен өткізілсін.

2.Ас блогының санитарлық жағдайы қатаң бақылауға алынып, анықталған кемшіліктер қысқа мерзімде жойылсын.

3.Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

**Төрайым:**

Балабақша басшысы Шокпарова К.Т

**Хатшы:**

Уксикбаева Жанаргул Алишовна